

The background is a light beige color with a subtle diagonal line pattern. It is decorated with various elements: several line-art illustrations of books in different orientations (some standing, some stacked, some open), and numerous solid-colored circles in shades of teal, yellow, and pink. Small dots of the same colors are scattered throughout. The text is centered and flanked by two black arrowheads pointing towards each other.

**САУРАН АУДАНЫ Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕП КІТАПХАНАШЫСЫ МОЛДАБЕК
АЙГҮЛДІҢ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА 1 – ЖАРТЫ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**


Кітапхана жұмысының мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

- * Оқырмандарды жаңа әдіс –тәсілдер арқылы кітап оқу қызығушылықтарын арттыру, жүйелі түрде кітап оқуға қалыптастыру
- * Оқырманның қажетті кітабын еркін таңдай білуге үйрету
- * Оқырмандардың білімге деген құштарлығын қалыптастыру мен ой-өрістерін жан-жақты дамыту

Міндеті:

- * Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытында кітап оқуға бөлінетін үлесін ұлғайту
- * Отандық және шет елдік әдеби шығармалар мен таныстыру
- * Әртүрлі ақпараттық –ағарту жұмыстар мен кештер өткізу
- * Кітапқұмарлардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру



Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Халқымыздың қилы тарихын, өнегелі әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүрін, мәдени мұраларын, әдебиет қазыналарын, тереңнен толғайтын сөз өнерін оқырмандарға кітап арқылы насихаттайды. Білім министрлігі бекіткен тізімі бойынша Білім басқармасына қажетті оқулықтар мен әдістемелік құралдарға және көркем әдебиеттерге сұраныстар беру арқылы кітапхана қоры толтырылып отырады.

Кітапхана қоры туралы мәлімет

Жалпы қор- 8614

Оқулық-5108

Көркем әдебиет-3506

Электронды оқулық-50

Қазақ тіліндегі кітап-2506

2023 жылы келіп түскен кітаптар-500

*Тамыз айында барлық сыныптарға оқулық таратылып берілді.
Жалпы мектеп тарапынан 100% оқулықпен қамтылды. Ата-ана
қамқорынсыз қалған, жетім, көпбалалы, әл-ауқаты төмен
балалар оқулықпен 100% қамтылды.*

Әр жаңа оқу жылының басында оқырмандарды қайта тіркеу жүргізіледі. Тіркеу номері оқырманның формулярына түсіріледі. Алған кітабының бірінші бетіндегі жапсыру парағына оқырман номері жазылып, кітапты қайтару күні белгіленеді. Оқырмандардың алған кітаптары сала бойынша бөлініп, күнделікке түсіріледі. Айдың соңында кітапханаға келген оқырман саны есептеледі. Оқырмандарға үнемі қызмет көрсетіледі. Кітап таңдау жағдайында кеңес беріледі.



“Назар аударыңыз Жаңа кітаптар!” таныстыру




*2 сынып оқушыларын тәрбие құралы “Даналық әліппесі”
кітабымен таныстыру*



*Ұлттық валюта күніне орай “ Теңге тәуелсіздік міндеті”
тақырыбында танымдық сағат*



*Тәуелсіздік күніне орай “Елімнің еркіндігі Тәелсіздік” тақырыбында
сурет салу байқауы*



Мектеп кітапханасы оқырмандарға сапалы қызмет көрсету, мәдени – көпшілік іс-шаралар ұйымдастыруға міндетті.

Танымдық іс – шаралардың оқырманның ой-өрісін кеңейтетін септігі сөзсіз. Жаңа заман талабына ілесу – әр кітапханашының міндеті. Шәкірт санасына зор ілім құяр кітап мекені болса, кітапханашы –тілімізді, дінімізді, рухани байлығымызды насихаттаушы мамандық иесі. Ал бүгінгі таңда жас ұрпақты кітап оқуға баулуды түрлі шаралар арқылы жүзеге асыруды мақсат етіп отырамыз.